

*Астана қаласы әкімдігінің «№112 жалпы орта білім
беретін мектеп» КММ*

*Асхана тағамдарының сапасына тексеру жүргізу нәтижесі
бойынша АНЫҚТАМА*

Желтоқсан, 2025ж.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 бұйрығына және оған енгізілген 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 толықтыруларға сәйкес, мектепшілік комиссия 2025 жылдың желтоқсан айында мектеп асханасында тағам сапасына кезекті тексеру жүргізді.

Тексеру барысында ас мәзіріндегі тағам түрлерінің әртүрлілігі, дайындалу сапасы, дәмі мен иісі, санитарлық нормалардың сақталуы және тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдері тексерілді.

Аспазшылардың жұмыс киімі, жеке гигиенасы, сондай-ақ асхана бөлмелерінің тазалығы мен желдету жағдайы бақылауға алынды. Нәтижесінде тағам сапасы санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сәйкес екені анықталды. Асханадағы қызмет көрсету мәдениеті жоғары деңгейде, оқушылар тарапынан шағым түскен жоқ. Оқу жылының I – жарты жылдығы бойынша ата -аналар мен оқушылардан алынған сауалнама қорытындысы жасалынған. Ұсыныс – тілектер ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ -16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сай қарастырылуда. Сауалнама негізінде жалпы 89% ата – аналар қанағаттанатынын, мектеп асханасынан 81% оқушы тамақ ішетін анықталды.

Ұсыныс: Қыс мезгілінде балалардың ағзасына қажетті дәрумендерді сақтау мақсатында көкөніс және жеміс-жидек қосылған тағамдарды жиі енгізу ұсынылады.



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G



Galaxy S21 FE 5G